

Қаулы

**Ректор А.С. Койчубаевтың баяндамасын тыңдай және талқылай келе
«Университет ұжымының 2023-2024 оқу жылындағы жұмысының
қорытындылары туралы»
(Ғылыми кеңестің 2024 жылғы 26 маусымдағы №10 отырысы)**

1. «Университет ұжымының 2023-2024 оқу жылындағы жұмысының қорытындылары туралы» мәселе бойынша ақпарат назарға алынсын.
2. *Проректорлар* 2024 жылдың 30 маусымына дейін жетекшілік ететін бағыттары бойынша университеттің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын дайындауды қамтамасыз етсін.
3. *Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректор декандармен және кафедра меңгерушілерімен* бірлесіп, 2024 жылғы 25 тамызға дейін ҚР ҒЖБМ ғылым комитетінің алдағы конкурстарына жобалық өтінімдер тақырыптарын және ғылыми жетекшілерді дайындауды қамтамасыз етсін.
4. *Корпоративтік даму және маркетинг жөніндегі проректор тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Проректормен, декандармен, кафедра меңгерушілерімен* бірлесіп білім беру бағдарламалары топтарының бағыттары бойынша 2024 жылғы 30 маусымға дейін жазғы кәсіптік бағдарлау жұмысының іс-шаралар жоспарын әзірлесін.
5. *Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Проректор факультет декандарымен* бірлесіп, 2024 жылғы 25 тамызға дейін АВU-да шетелдік жоғары оқу орнының филиал-кампусын/халықаралық кампусын және бірлескен білім беру бағдарламаларының ұсынылатын тізбесін ашу жөнінде ұсыныстарын дайындасын.
6. *Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Проректорға және корпоративтік даму және маркетинг жөніндегі Проректорға* шетелдік білім алушыларды оқуға қабылдау жөніндегі іс-шараларды іске асыруды 2024 жылғы 31 тамызға дейін жалғастырсын.
7. *Ақпараттық технологиялар жөніндегі Проректор* 2024 жылғы 31 тамызға дейін веб-сайттың жаңа нұсқасын техникалық даярлауды қамтамасыз етсін.
8. *Корпоративтік даму және маркетинг жөніндегі Проректор* кәсіптік бағдар беру жұмысы үшін жаңа CRM сервисінің техникалық тапсырмасын дайындауды 2024 жылғы 19 шілдеге дейін аяқтасын.
9. Ғылыми Кеңес шешімінің орындалуын бақылау университет Ректорына жүктелсін.